

ДӘСТҮРЛІ МЕТАФОРА МЕН АВТОРЛЫҚ ЖАҢАШЫЛДЫҚ: Т. АЙБЕРГЕНОВ ӨЛЕНДЕРІНДЕГІ ТІЛДІК МЕТАФОРЛАР

ХАСАНОВ Г.К. , ЖУМАШЕВА К.Б. , ХАСАНОВА І.Ө. 

Хасанов Габит Кайржановия - Филология ғылымдарының докторы, профессор, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ., Қазақстан.

E-mail: Hasan.gabit@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-9229-9825>

***Жумашева Камшат Бериковна** - PhD, қауымдастырылған профессор, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ., Қазақстан.

E-mail: kama0186@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-6405-3767>

Хасанова Іңкәр Өтебайқызы - Педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ., Қазақстан.

E-mail: Khassanova.inkar@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-1317-9885>

Аңдатпа. Мақалада қазақ поэзиясындағы метафоралық қолданыстардың дәстүрлі және авторлық қырлары Т. Айбергенов өлеңдері негізінде талданады. Зерттеудің өзектілігі метафораның тілдің семантикалық жүйесін байытудағы, көркем мәтіндегі бейнелілік пен әсерлілікті күшейтудегі қызметімен, сондай-ақ ақынның дүниетанымын танытатын когнитивтік механизм ретіндегі табиғатымен айқындалады. Теориялық негіз ретінде қазақ тіл білімінде метафора мәселесін алғаш терең әрі жүйелі қарастырған Б. Хасановтың тұжырымдары басшылыққа алынып, метафораның «екі зат пен құбылысты салыстыру арқылы сөздің ауыс мағынада қолданылуы» екені негізгі анықтама ретінде қабылданды. Сонымен қатар І. Кеңесбаевтың ұлттық-тілдік ерекшелікке қатысты пайымдары, А.Б. Салқынбай мен Е. Абақанның лингвистикалық анықтамалары, метафораның сөзжасам және терминдену үдерістеріндегі рөлі жөніндегі Б. Қасым, Ә. Болғанбайұлы мен Ғ. Қалиұлы, Ш. Құрманбайұлы еңбектеріндегі пікірлер зерттеу бағытын толықтырды. Зерттеу материалы ретінде Т. Айбергеновтің өлең мәтіндерінен іріктелген метафоралық бірліктер алынып, сипаттамалы, семантикалық және контекстік талдау әдістері арқылы қарастырылды. Нәтижесінде ақын поэзиясында дәстүрлі тілдік метафоралар ұлттық танымға жақын тұрақты бейнелерді қалыптастырып, оқырманмен эмоционалдық байланыс орнататыны, ал авторлық метафоралар ақынның дара эстетикалық әлемін, тың ассоциациялық ойлауын және когнитивтік бейнелеу мүмкіндігін танытатыны анықталды. Мақалада дәстүрлі метафора мен авторлық жаңашылдықтың өзара сабақтастығы мен айырмашылықтары жүйеленіп, Т. Айбергенов поэзиясындағы метафораның семантикалық әрі көркемдік қызметі нақтыланады.

Түйін сөздер: метафора, дәстүрлі метафора, авторлық метафора, тілдік метафора, поэтикалық метафора, Т. Айбергенов поэзиясы, көркем мәтін, ұлттық дүниетаным.

Кіріспе

Тілдің бейнелеу мүмкіндігін арттыратын маңызды семантикалық құбылыстардың бірі – метафора. Метафора тілдегі сөз мағынасының дамуына, жаңа атаулардың қалыптасуына және адамның қоршаған ортаны тану тәжірибесін тілдік таңбалар арқылы бейнелеуге негіз болатын күрделі лингвистикалық құбылыс болып табылады. Осыған байланысты метафора мәселесі әлемдік тіл білімінде де, қазақ тіл білімінде де әр кезеңде әртүрлі ғылыми бағыттар тұрғысынан қарастырылып келеді. Метафора тек көркемдік тәсіл ғана емес, сонымен бірге адамның дүниені тану үрдісін бейнелейтін когнитивтік механизм ретінде де қарастырылады. Сондықтан метафораны зерттеу тілдің семантикалық жүйесін, ұлттық дүниетаным мен көркем ойлау ерекшеліктерін түсінуде маңызды орын алады [1, 2].

Қазақ тіл білімінде метафора мәселесін арнайы әрі жүйелі түрде зерттеген ғалымдардың ішінде Бақытжан Хасановтың еңбегі ерекше орын алады. Ғалымның «Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы» атты монографиясы қазақ тіліндегі метафораның табиғатын, жасалу тетіктерін және қызметін жан-жақты қарастырған іргелі зерттеу болып табылады. Б. Хасанов метафора құбылысының тарихы ежелгі Греция мен Рим дәуіріндегі риторикалық еңбектерден бастау алатынын атап көрсете отырып, метафораны «екі зат пен құбылысты салыстырудың

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences негізінде сөздің ауыс мағынада қолданылуы» деп анықтайды [3, 190]. Зерттеушінің пікірінше, кез келген ақын-жазушы шығармашылығында немесе халық ауыз әдебиеті үлгілерінде метафораның әртүрлі түрлері кеңінен қолданылады және олар тілдің бейнелеу мүмкіндігін арттыруға қызмет етеді.

Метафораның ұлттық тіл жүйесіндегі ерекшеліктерін айқындауда академик І. Кеңесбаевтың тұжырымдары да маңызды. Ғалым тілдің дамуы әлеуметтік және географиялық факторлармен байланысты екенін айта отырып, әрбір тілдің өзіндік ішкі заңдылықтары мен сөз мағынасының қайта пайымдалу жолдары бар екенін көрсетеді. Соның нәтижесінде метафоралық және метонимиялық мағыналар белгілі бір тілдің ұлттық ерекшеліктерін танытатын семантикалық құбылыстар ретінде қалыптасады [4, 293].

Қазіргі лингвистикалық еңбектер мен сөздіктерде метафора ұғымына берілген анықтамалар мазмұн жағынан бір-біріне жақын келеді. Мәселен, А.Б. Салқынбай мен Е. Абақан метафораны сөздің басқа мағынада қолданылуы ретінде қарастырып, оны риторика мен лексикологияда номинациялық құрал ретінде сипаттайды [5, 124]. Метафора көркем мәтінде ерекше бейнелілік пен экспрессивтік мән туғызатын тілдік тәсілдердің бірі болып табылады. Мысалы, Т. Айбергеновтің «Отырмын түнді жамылып» өлеңіндегі «самалды шайқау», «даланың төсін керуі» сияқты тіркестер дәстүрлі емес, авторлық метафоралар ретінде көрініс табады. Мұндай қолданыстарда ақын табиғат құбылыстарын бейнелі түрде сипаттап қана қоймай, өзінің дүниетанымын да метафоралық бейнелер арқылы жеткізеді.

Тіл білімінде метафоралық қолданыстардың лингвистикалық табиғатын анықтау, олардың құрылымдық-семантикалық ерекшеліктерін жүйелеу мәселесі де зерттеушілердің назарынан тыс қалған жоқ. Бұл тұрғыда В.В. Елисеева метафоралық жасалымдардың сөзжасамдық үлгілер арқылы қалыптасуын және олардың тілдік жүйедегі қызметін қарастырады [6, 109]. Мәселен, Т. Айбергеновтің «Атамекен» өлеңіндегі «көл-дария» метафорасы сөзжасамдық тәсіл негізінде пайда болып, поэтикалық қолданыстан жалпы тілдік айналымға енген бейнелі бірлік ретінде бағалануы мүмкін.

Зерттеушілердің пікірінше, метафораның қалыптасуында тура мағына маңызды рөл атқарады. Б. Хасанов бұл туралы: «Тура мағынадағы сөздерге жалпылық қасиет тән болса, метафоралық мағынадағы сөзден алдымен нақтылық пен образдылық байқалады» деп көрсетеді [3, 168]. Сонымен бірге ғалым метафораның тіл байытудағы қызметіне ерекше мән беріп, оның жаңа атаулардың қалыптасуына ықпал ететінін атап өтеді [3, 18].

Метафораның сөзжасамдағы қызметі де бірқатар зерттеулерде қарастырылған. Б. Қасым метафоралық тәсілдің күрделі атаулардың жасалуында белсенді қолданылатынын атап көрсетеді [7, 209]. Ал Ә. Болғанбайұлы мен Ғ. Қалиұлы метафораның тілдегі көпмағыналы сөздердің қалыптасуына ықпал ететінін, оның сөздің семантикалық өрісін кеңейтетін маңызды құрал екенін айтады [8, 90]. Бұл құбылыс адамның әлемді тануымен және қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды өзара салыстыру қабілетімен тығыз байланысты.

Ғылыми терминологияның қалыптасуында да метафора маңызды рөл атқарады. Ш. Құрманбайұлы терминдену үдерісінде метафораның қызметін атап көрсетіп, жаңа ұғымдарды атауда бұрыннан белгілі ұғымдарға ұқсастық арқылы атау беру тәсілі жиі қолданылатынын айтады [9, 53]. Сонымен қатар Б. Қасым метафораларды атауыштық, танымдық және экспрессивті-бағалауыштық түрлерге бөліп қарастырады [10, 67]. Ал В.Н. Телия метафораның экспрессивтік сипаты оның эмоциялық және бағалауыштық мәнімен тығыз байланысты екенін көрсетеді [11, 56].

Жазушының тіл шеберлігі сөзді бейнелі қолдануынан көрінеді. А. Байтұрсыновтың пікірінше, көркем ойлаудың негізінде ақыл, қиял және көңіл сияқты үш негізгі танымдық компонент жатыр [12, 141]. Осы үш негіз арқылы ақын қоршаған әлемді қабылдап, оны бейнелі

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences тілдік құралдар арқылы жеткізеді. Соның нәтижесінде метафора көркем мәтінде тек эстетикалық қызмет атқарып қана қоймай, ақынның дүниетанымы мен танымдық тәжірибесін де көрсетеді.

Жалпы алғанда, метафоралар қолданылу сипатына қарай тілдік (дәстүрлі) және поэтикалық (авторлық) метафоралар болып бөлінеді [8]. Тілдегі метафоралар табиғаты күрделі болғандықтан, оларды дәстүрлі және авторлық қолданыстар тұрғысынан талдау ақын тілінің ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты мақалада Т. Айбергенов поэзиясындағы метафоралық қолданыстар қарастырылып, олар Б. Хасанов ұсынған дәстүрлі және авторлық метафоралар жіктелісі негізінде талданады. Сонымен бірге ақын шығармаларындағы метафоралардың семантикалық, танымдық және көркемдік қызметін анықтау негізгі зерттеу мақсаты болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жұмысының негізгі материалы ретінде қазақ поэзиясындағы метафоралық қолданыстар алынды. Атап айтқанда, талдау нысаны ретінде қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Т. Айбергеновтің өлең мәтіндері пайдаланылды. Ақын шығармаларынан алынған метафоралық қолданыстар олардың семантикалық құрылымы, бейнелілік сипаты және тілдік қызметі тұрғысынан қарастырылды. Сонымен қатар метафоралық бірліктерді талдауда қазақ тіл біліміндегі метафора теориясына қатысты ғылыми еңбектер мен зерттеулерге сүйенілді. Зерттеу барысында сипаттамалы, семантикалық және контекстік талдау әдістері қолданылды. Сонымен қатар метафоралық қолданыстарды жіктеу үшін салыстырмалы және жүйелеу әдістері пайдаланылды. Бұл әдістер ақын тіліндегі дәстүрлі және авторлық метафоралардың ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер және оларды талқылау

Дәстүрлі тілдік метафоралардың мағынасы халықтың таным-түсінігі, ой-өрісі, тіршілігі мен тұрмысына байланысты. Олар –мағынасы көпшілікке түсінікті, жиі қолданысқа түсетін бейнелі метафоралар. Дәстүрлі метафораның авторы жоқ. Олар –мақал-мәтелдер тәрізді халық қазынасы. Дәстүрлі метафоралар сөз айшығы ретінде тілде тұрақты қолданылады. Бірте-бірте дәстүрлі метафоралардың бейнелілік қасиеті солғындап, күнгірттенеді. Дәстүрлі метафоралар поэтикалық метафоралар тәрізді, негізінен, көркем әдебиетте қолданылады. Төлеген ақынның «Ана» атты өлеңінен мысал келтірелік:

*«О, аналар, кей **пасықты** жаратасың неге сен!*

***Тасбауырлар** дүниеге келсін де, тез кетсін де,*

Әлде өзгелер ондайлардан жиіркенсін дейсің бе?

Қай кеудені жылытады лапылдаған отпенен» [13, 45].

Осы жолдардағы «пасық, тасбауыр» деген дәстүрлі метафораларды қолдану арқылы ақын өзінің кей жаман адамдардың осы әсем дүниеде «ана» деген қасиетті ұғымнан қалай тәрбие алмай жаратылатынына түсінбей, өзінің риторикалық сұрауын беру арқылы адамдарды ізгілік пен қайырымдылыққа үндейді. Сондай-ақ, осы «Ана» өлеңінде ақынның «қоңыраулы бесіктен» тәрбие алып, сол қоңыраумен «ұстаз атанып» өмірден өз орнын тапқанын айтады. Мәселен:

«Ұстаз болдым. Сөз сөйлетті болашақтың мінбері,

*Көз алдымда **қызыл ала қызғалдақтар** гүлдеді.*

*Дәл бүгін де **нұрлы ертеңнің қоңырауы** етіп тұр мені,*

Өміріме өзің қаққан қоңыраудың үндері» [13, 70].

Осы өлеңдегі «қызыл ала қызғалдақтар» метафорасымен ақын өз замандастарын, апаларын, қыздарды ауыстырып қолданып мегзеп тұр. Ал «нұрлы ертеңнің қоңырауы» метафорасы дәстүрлі метафорадан гөрі авторлық метафораға келетіндей болса да, «ертеңнің қоңырауы» метафорасы ақынның болашақ өміріндегі қоңырауды көрсетеді.

Ақын «Көктемде» өлеңінде көктемді дәстүрлі түрдегі қуаныш, ізгілік мерекесі ретінде танып, ауыстырып қолданады. Мәселен:

*«Көктем – ол қуаныштың ізгі лебі,
Қызғалдақ қыздарға арнап үзіледі.
Аспанда жақсылықтың атын жазып,
Тырналар қатар-қатар тізіледі [13, 9].*

Ал «Өсіп келе жатырмын» атты өлеңінде ақын бірқатар дәстүрлі метафорадан келіп туындаған метафораларды қолданады. Мысалы:

*«Кеудесінде таулардың,
Кемесінде арманның,
Жалау етіп өрлікті,
Ескек етіп ерлікті,
Есіп келе жатырмын» [13, 8].*

Осындағы «арман кемесі» метафорасын, бір жағынан, дәстүрлі деп те қарауға болады, ал, бір жағынан авторлы деп те қарауға болатын сияқты. Жалпы алғанда, дәстүрлі мен авторлы метафоралардың аражігін ашып көрсету оңай іс емес, осыған орай, бізде қатеге ұрынуымыз әбден мүмкін екенін ескертеміз. Белгілі лексиколог Ә. Болғанбаев былай деп жазады: «Тілдік метафора сөзге жаңа мағына қосып, оның семантикалық шеңберін кеңейтіп, әрдайым үздіксіз дамытып отырады. Тіліміздегі көп мағыналы сөздердің бірқыдыруы осы тәсіл арқылы жүзеге асқан. Тілдік метафораның жалпы халықтық сипатына қарап, дәстүрлі метафора деп те жұмсалады. Дәстүрлі метафоралық тәсіл бойынша ұқсату заңына сүйеніп, қазақ тілінде мынадай көп мағыналы сөздер шыққан. Мәселен, аяқ деген сөздің ең алғашқы заттық мағынасы деп адам мен жан-жануарлардың жүру-тұру қызметін атқаратын мүшесі деп түсінеміз. Мұнан кейін стол мен орындық тәрізді жансыз заттардың тіреуішін де аяқ деп ұқсатып айтқан. Бас пен аяқтың бірі жоғары, екіншісі төмен келуіне қарай (ауылдың басынан кіріп, аяғынан бір-ақ шықтым дегендегі) үшінші мағына пайда болған» [4, 29]. Осы пікірде айтылғандай, тілдік метафоралардың негізінде авторлы және терең басқа да метафоралар туындап, жасалып жатады. Осы сөзімізге дәлел ретінде ақын жолдарынан тілдік метафоралар келтірелік:

*«Қарай берші, аппағым,
Көңілімді қайтармай,
Көп қой менің айтпағым
Жүрген саған айта алмай.*

*Көз тілімен, көріктім,
Көңіліңе салдым ба ой?
Лағындай еліктің
Елең ете қалдың ғой» [13, 9].*

Осындағы «аппағым» деген тілдік метафора дәстүрлі қалыпқа сай келеді. Халқымызда «қарға сүйер баласын аппағым» деп деген сөзі еске түседі. Ал қызды «көріктім» деген тілдік метафорамен беруі ақынның тіліміздің лексикасын жоғары, терең дәрежеде меңгергендігін танытады.

Төлеген ақында «адамның көз жасы», көбіне, «көздің моншағы» деген дәстүрлі метафоралармен беріліп отырады. Мысалы:

*«Қайтейін жаным аңсады
Сабыр да керек десек те.
Сағынған көздің моншағы
Шашылып жатыр төсекте...» [13, 9].*

Ал «қыз» сөзін ол, негізінен, дәстүрлі қалыптан аса алмай, «көріктім, сәулем, айым, күнім, аппағым, гүлім» т.т. сол сияқты дәстүрлі метафоралармен береді. Мәселен:

«Өтті ғой, сәулем, ай талай,

Көрмедім қанша өзіңді.

Қайталай берем, қайталай

Сүйемін деген сөзіңді» [13, 8].

Одан басқа ақын дәстүрлі метафораларды да жиі қолданып отырады. Мысалы:

«Сен қайың бұратылған бақшадағы,

Әмудің суда атылған ақ шабағы,

Сақтарсың есте, бәлкім, мені мәңгі,

Жүрегі жырға тұнған жақсы ағаны

Мен де бір жасыл орман –жасыл жаным,

Лаулаған жалын атқан жасындамын

Сенде егер адам сүйгіш жүрек болса,

Мәңгілік мен де сенің қасыңдамын» [13, 52].

Осындағы ақын қолданған метафоралар шоғыры бір-біріне жақын мәнде берілген. «Қызды қайың» деп атаса, өзінің нәзік ақын жанын «жасыл орман» деп береді. Қайың ағашын орманның бір әсем ағашы, яғни бір бөлшегі ретінде ұғынған ақын қазақтың өзіндік ұғымына жақын тілдік метафораларды қолдану арқылы өз ойын астарлап береді. Ақын өзінің «Арал қызына» өлеңінде қызды «үміттің қарлығашы», «ақ сазаны Аралдың», «көктемде көгеретін қызғалдақ», тіпті, «көлдегі қасқалдақ» сөздерімен де ауыстырады. Сонымен бірге, «Абайдың Тоғжаны» деген дәстүрлі метафораларды қолданады. Мәселен:

«Қай жаны пәк жігіттің

Бақытына жаралдың,

Қарлығашы үміттің,

Ақ сазаны Аралдың.

Қызғалдақ па ең сен әлде,

Көгеретін көктемде,

Қасқалдақ па ең сен әлде,

Көлбеңдеген көк көлде.

Қиялдаған Навоидың

Жоқ жары ма деп едім,

Қайта туған Абайдың

Тоғжаны ма деп едім» [13, 10].

Ақын өзінің жырларында дәстүрлі метафораларды жиірек қолдану арқылы өзінің қазақ ұғымына жақын екенін үнемі танытып отырады. Арал теңізінің жағасында, Әмудария жағасында өскен ақын Төлеген өз жырларында дерексіз ойлаудан бұрын көзі көрген сөз алмастыруларды тұрақты түрде қолданып отырады. Мәселен, сол «Арал толқындары» атты жырында ақын өзінің Аралды сүйетінін, онсыз оған өмір жоқ болатындай сезімін білдіреді. Мысалы:

«Көркіңе жұртты таң қылып,

Жатсың ба ұлы бекзатым.

Өзің бол менің мәңгілік,

Туысым менен жекжатым» [13, 36].

Ақын осы өлеңде Арал теңізін өзінің туысы, жақыны, бекзатым деп санайды да, басқа шумақтарында теңізді «нағашы, әке, дос, іні, аға» сөздерімен алмастырып қолданады. Осы жолдардан оның қазақы туыстықты бәрінен де жоғары қойып, қадірлейтіні байқалады.

Ал сол теңізде жүріп, өзінің нәпақасын тауып жүрген балықшыларды «ер жандар», ал балықшының маңдай терін «маржан» метафорасымен алмастырады. Мәселен:

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №1 (83), наурыз 2026
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences

*«Катерге толқын туратып,
Заулайды алға ер жандар.
Теңізді жатыр тулатып,
Маңдайдан тамған маржандар*

*Ұлылық төсі түгелдей,
Қаптаған қайсар білекті ел.
Ау қапқан асау сүгендей,
Бұлқиды асау жүректер» [13, 37].*

Өлеңнің екінші шумағында елді «қайсар, білекті ел» десе, сол халық жастарын «бұлқынған асау жүректер» тілдік метафорасымен ауыстырады.

Ақын, жалпы, теңізді көп жазған адам, сондықтан па екен, оның жырларында теңіз суреттері өте көп қолданылады. Кейде ақын өзінің мөлдір таза сезімін, сазанның көзімен алмастырып береді. Мысалы:

*«Саз аңсап жүрген тереңнен,
Сазан көз мөлдір көз ем мен.
Дәл қазір бүкіл денеммен
Теңізді сезіп келем мен» [13, 38].*

Негізінен кез келген ақын өзін анықтаумен өз өмірін өткізеді ғой, ақын Төлеген де өзін қыранмын деп есептейді. Мәселен:

*«Қыран боп ұштым қасқырып,
Бәрінен тауып тоятты.
Бәрі де мені мас қылып,
Бәрі де мені оятты» [13, 46].*

Өзінің «Туған жер» атты өлеңінде туған байтақ мекенін ақын қыран құс «қаршыға», бұлбұл, қаз, көктем гүлі» сияқты метафоралармен алмастырады. Мәселен:

*«О, менің байтақ мекенім,
Жанымның қаршығасы сен.
Шырқағым келіп кетеді
Жазбаған ән шығарсың сен»*

*Шынында мен үзбей жүрген
Көктемгі бір гүлімбісің.
Телегей теңіздей сырмен
Тебіренген бұлбұлымбысың?*

*Көлбеген ақша бұлтпысың
Көгімнің қаз әнімісің.
Бір келген пәк шабытпысың
Бір менің базарым үшін? [13, 31].*

Ақын осы туған жерге арнаған өлеңінде туған жер оған «шабыт, бұлт» болып көрініп, дәстүрлі метафоралармен алмастырып, қолданады.

Т. Айбергенов «қаршыға» сөзін қызға қатысты қолданатыны да бар екен, яғни оның «А...ға» атты өлеңінде былай деп жазады:

*«Деміме мына алқынған
Сен енді тоқтарсың ба?
Оралып өткен алдымнан
Оралдан ұшқан көк қаршыға» [13, 142].*

Ақын қашанда тілдік метафораларды қолданғанда кәдімгі өзімізге таныс ойларға негізделген суреттерді көз алдына әкелетіндей, жанына жақын сөздерді алмастыру мен атауға пайдаланады. Оның жырларындағы тілдік метафоралар қазақы ұғымнан аспай, қарапайым ойларға негізделгенін қашан да байқап отырсың. Соның негізінде шығар ақын өлеңдері бірден қалың жұртшылықтың көкірегіне сақталып, жас та болса өмірден ерте кеткен ақын Төлеген бірден қазақ халқының санасында мәңгілік өз орнын ойып тұрып алып отыр.

Ақын өлеңдеріндегі тілдік метафоралар қашанда тың орамдарға сүйенгендей, кейде буырқанған мінезбен, ал кейде, жай нәзік сыршылдау мәнерге толы болып қолданылып отырады. Мысалы, өмір туралы толғанбаған ақын жоқ, өмір туралы жазбаған ақын жоқ. Ал ақын Төлеген өлеңдеріндегі өмір туралы толғаныстағы дәстүрлі метафораларды қарасаң, жас адам емес, өмірден түйгені көп, сүргені мен ащы-тұщыны татқаны көп адамды көресің. Оған басты себеп, ақынның ауыр тұрмысты көріп өскенінде шығар деп шамалайсың. Оның үстіне, бұл буынның қаһарлы соғыс жылдарында өздерінің балалық шағын өткізгені тағы да бар. Бұл буынның балалық шағын сұм соғыс ұрлады, сондықтан бұлардың өлеңдері халықтың жүрегіне бірден жол тапты деп айта аламыз. Бұл буынға М. Мақатаев, Қ. Мырзалиев, С. Жиенбаев, Ә. Кекілбаев, С. Асанов, Д. Қанатбаев, Ж. Нәжімеденов, Ж. Әбдірәшев т.т. көптеген көрнекті қазақ ақындарын жатқызамыз. Бұл ақындардың ішінен Т. Айбергенов ерекшелігі оның тілдік метафоралары халыққа түсінікті, етене жақын дала мен қыр суреттерінен тұратындай кейіпте болады.

Белгілі тілші-ғалым Б. Қалиұлы өзінің зерттеуінде метафора туралы былай деп жазады: «Өмірде жаңадан пайда болған заттар мен құбылыстардың барлығына жаңа ат тауып беру оңай емес. Сондықтан кейде әлгі жаңа затты (ұғымды) тілімізде бұрыннан бар байырғы сөзбен атауға тура келеді. Мұндайда, әрине, кез келген байырғы сөз атау бола алмайды.

Жаңа затқа соған ұқсас, тілімізде бұрыннан бар заттың атауы ғана ат бола алады. Осы тұрғыдан метафора деп –сөз мағынасының ауысуы мен өзгеруін айтуға болады. Яғни, екі заттың ішкі-сыртқы ұқсастығы мен сәйкестігіне қарай бірінің аты екіншісіне ауысады да, соған орай байырғы сөздің мағынасы да өзгереді» [14, 78].

Ақын жырларындағы дәстүрлі метафоралар жаңа сөзді ауыстырып қана атайтын сөз ауысулар, осы себепті, оларды күрделі деп тануға болмас деп ойлаймыз. Дегенмен де ақын тілінде тілдік метафоралар бірден танылып тұратыны байқалады. Тағы да мысалдар келтірелік:

*«Өмір гашық, бүкіл әлем мас маған,
Көзім заңғар күн сияқты қырағы.
Менің денем Менделеев ашпаған,
Металдардың қоспасынан тұрады.
Қойны кенге толы таудан аумаған,
Кеудем шексіз қазыналар Отаны,
Сондықтан да айқайласам тау маған
Жаңғырығып жсауап беріп жатады»* [13, 39].

*«Достық деген таусылмайтын қазына,
Көктемде солып қалар гүл емес,
Қарамайды ол сыйдың көп пен азына,
Нағыз достар тіпті сый да тілемес»* [13, 39].

Қазақтың дәстүрлі ұғымындағы «жұлдыз, күн, жаз, қыс, көктем, күз» сияқты атауларды орнымен ауыстырып, өзінің ақындық мінезін беру үшін қолданады. Бір қызығы, бұларды басқаға емес, өзінің мінездерін алмастыруға қолданады. Мысалы:

*«Мен де өзімше жаратылыс сияқтымын бөлек бір,
Көзім –жұлдыз, ал маңдайым тау шыңындай ерек тұр.
Жүрегім –күн, ойым –өзен күмбір-күмбір тасыған,*

Сол өзенді мен күніге мың тасытып, басылам.

**Төрт мезгілім – жазым, қысым, көктем, күзім бар тағы,
Жылытатын, суытатын өзім жүрген ортаны»** [13, 40].

Ақын көп өлеңінде өзін «өзен» ретінде сезініп, өзенмен өзін тең көреді. Оның ішінде өзеннің ағысы адамның өміріне ұқсайтынын «өмір –өзен» деген дәстүрлі ұғыммен қатар бермейді, мінезін өзен сықылды көреді. Мәселен:

*«Біреулері жанын салып сан қатерден қорғады,
Біреулері мендегі үлкен адамдықты қорлады.
Бірі шаттық, бірі реніш –бәрін жаным сезеді,
Менің кеудем –сан толқынның сарқыраған өзені»* [13, 42].

Тағы да мысал алалық:

**«Өмір деген –мәңгі гүлдеп жататын
Құштарлықтың толғағы мен көктемі.
Ешкім оған қоя алмайды нүктені,
Өмір деген сөйлем емес өйткені»** [13, 33].

Ақын тіліндегі бірқатар дәстүрлі метафоралар теңеулер іспетті түрде қолданылады. Бұл тілімізде баяғыдан қолданылып келе жатқан тұрақты үдеріс болғандықтан, бірқатар зерттеушілер бұл ерекшелікті байқап, сөз еткен. Мысалы, теңеулерден метафоралардың жасалуы туралы Т. Қоңыров былай дейді: «Мәселен, таза метафоралар қатарына ауысқан мына сөздер соның куәсі болып табылады. Өтірікші мағынасында жұмсалатын «су» метафорасы «судай өтірік» теңеуінен, «ит» - «ит сияқты жаман» теңеуінен, «түлкі» - түлкі сияқты қу» теңеуінен, «қасқыр» - «қасқыр сияқты жауыз», «қасқыр сияқты озбыр» және «қасқыр сияқты қарулы» теңеулерінен, «арыстан» «арыстандай айбатты» және «арыстандай қайратты» теңеулерінен пайда болған. Қазақ тілінде теңеулердің қысқаруынан туған мұндай метафоралар өте көп» [15, 25]. Осы теңеу сипатты сөзден туған метафоралар Төлеген ақында жиі кездеседі және бұл авторлы метафора деңгейінде қолданылады. Мысалы:

*Жаңбырдан қалған қақ суы
Секілді сұйық сары май.
Нар болып жусап жатыр паң,
Өркешті дала қыр-жоңы.
Қиналтып мені отырған,
Қиыспай тұрған жыр жолы* [13, 72].

Сондай-ақ, осы өлең жолдарындағы «секілді» шылауымен жасалғандай кейіптегі метафоралар поэзияда кездесіп отырады.

Мысалы:

*«Жолдар, жолдар, мені алыс апарыңдар,
Апарыңдар, ұзаққа сапарым бар.
Қаламдаймын әлі мен ұшталмаған,
Өткізіңдер шөлдерден құс қонбаған,
Сын тақпасын дос түгіл дұшпан маған*

*Қол қусырып өмірді құр өтпейін,
Реттейін, даңқ болсам жыр ет кейін.
Құлық болса, адалдық талап етем,
Бақыт болса Отансыз, ала бөтен
Ар-ұжданның алдында талақ етем»* [13, 34].

Бұндағы сын есім тудыратын жұрнақтарға жіктік жалғаудың жалғануы арқылы жасалған метафоралардың негізі теңеулер екені байқалып тұрса да, поэзиядағы тағы бір ерекшелік осы деп санауға болады. Мәселен:

*«Тірлікті жатқан қоздатып
Мен мынау Ата –Жердеймін.
Жанымның отын маздатып,
Түнде де дамыл көрмеймін.
Қалғыма, әлем мен саған
Бәрібір тыным бермеймін»* [13, 133].

Ақында осы тектес ойлар жетегінде өлең жазу басты орында тұрады. Мәселен, ақын «Үш кезең» өлеңінде теңеп барып алмастырады. Мысалы:

*«Өмір бізді үш толқыннан құрапты,
Дүниеге жалғыз келген жан емен.
Кеше, бүгін және ертең сияқты,
Әкем, балам ортадағы және мен»* [13, 54].

Жалпы алғанда, ақын жырында дәстүрлі метафоралар көптеп қолданылады, оның үстіне, авторлы деуге келетіндей метафораларда түйдегімен қолданылады. Негізінен ақында авторыл метафоралар басымдау болатыны көрініп тұр. Дәстүрлі метафораларға мысалдар келтірелік:

*«Бұл қазақта жігіттер бар нар қасқа
Жарқылдаған алмас па»* [13, 149].

*«Сен менің ұшар басым биіктеген,
Жолыңа тапқанымды үйіп-төгем.
Сен менің дүрсілдеген жүрегімсің,
Қай нәрсе сол жүректен сүйікті екен?»* [13, 136].

Тілдік метафора ақын тілінде әртүрлі мағынада қолданылғанымен өзінің қалпынан аспайды. Ақын қашанда тілдік алмастыруларды дәстүрлі әдістен асырмай қолданады. Дәстүрлі метафоралар ақын тілінде өз орнымен нақышты өрнекті жағдайда қолданылып, оқырманға ақын ойын көркемдеп жеткізуге септігін тигізеді.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері қазақ поэзиясындағы метафоралық қолданыстардың тілдің семантикалық жүйесін байытып, көркем мәтіндегі бейнелілік пен әсерлілікті күшейтетін негізгі құралдардың бірі екенін көрсетті. Т. Айбергенов өлеңдеріндегі метафоралар халықтың таным-түсінігі мен ұлттық мәдени тәжірибесіне сүйенетін дәстүрлі тілдік метафоралар арқылы да, ақынның жеке эстетикалық әлемін танытатын авторлық метафоралар арқылы да молынан көрініс табады.

Талдау барысында дәстүрлі метафоралардың көпшілікке түсінікті, тұрақты қолданыстағы бірліктер ретінде ақынның ой-идеясын оқырманға жақындата түсетіні анықталды. Ақын «пасық», «тасбауыр», «көздің моншағы», «сәулем», «айым», «күнім» тәрізді тілдік метафораларды жиі пайдаланып, адам мінезі, сезім күйі, өмір құбылыстары сияқты мазмұндарды ұлттық дүниетанымға тән бейнелер арқылы жеткізеді. Сонымен қатар «арман кемесі», «нұрлы ертеңнің қоңырауы», «көңілім – өзен», «кеудем – қазыналар Отаны» сияқты қолданыстарда авторлық таным мен когнитивтік бейнелеу айқындалып, метафораның тек көркемдеуіш амал емес, ақындық ойлау тәсілі ретінде қызмет ететіні байқалады.

Осылайша, зерттеу Б. Хасанов ұсынған дәстүрлі және авторлық метафоралар жіктемесінің, сондай-ақ тілдік және жеке қолданыстағы метафораларды ажыратудың Т. Айбергенов поэзиясындағы метафора табиғатын сипаттауда өнімді екенін дәлелдейді. Ақын тіліндегі метафоралар ұлттық тілдік қорды жаңғыртып қана қоймай, жаңа мағыналық реңктерді туғызуға,

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences сөздердің семантикалық өрісін кеңейтуге және поэтикалық мәтіндегі танымдық-экспрессивтік әсерді күшейтуге қызмет етеді. Демек, метафораны ақын шығармашылығы контекстінде талдау қазақ поэзиясындағы ұлттық дүниетанымның тілдік бейнесін тереңірек танып-білуге және метафораның сөз мағынасы мен көркем ойлаудағы орны мен қызметін нақтылауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Shokym G.T., Zhumasheva K.B., Khassanov G.K., Azhgaliyev M.K., Sultangaliyeva R.B., Ramanova A.A., Gabdesheva A.E. Images of Man and Women in the Mirror of Gender Metaphors // Eurasian Journal of Applied Linguistics. – 2022. – № 8(2). – P. 272–282. DOI: <http://dx.doi.org/10.32601/ejal.911560>.
2. Zhumasheva K.B., Sapargaliyeva M.E., Sarkulova D.S., Kuzhentayeva R.M., Utarova A.G. Representation of Gender Metaphor in Lexicography as a Reflection of Culture // International Journal of Society, Culture and Language. – 2022. – Vol. 10, Iss. 3. – P. 151–162. DOI: <http://dx.doi.org/10.22034/ijscsl.2022.555683.2662>.
3. Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы. – Алматы, 1966.
4. Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008.
5. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: Сөздік–Словарь, 1998.
6. Елисеева В.В. К уточнению термина «окказионализм» // Термины в языке и речи. – Горький: ГГУ, 1984. – С. 107–112.
7. Қасым Б. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989.
8. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997.
9. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. – Алматы: Ғылым, 1998.
10. Қасым Б.Қ. Қазақ тіліндегі заттың күрделі атауларының теориялық негіздері: филол. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 2002. – 313 б.
11. Телия В.Н. Метафоризация и ее роль в создании языковой картины мира // Роль человеческого фактора в языке. – Москва: Наука, 1988. – С. 172–204.
12. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы, 1991.
13. Айбергенов Т. Мен саған ғашық едім: өлеңдер. – Алматы: Раритет, 2005. – 191 б.
14. Қалиұлы Б. Тіл білімінің жаңа бағыттары: концепт, прагматика, дискурс, мәтін. – Алматы, 2012.
15. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы: Мектеп, 1978.

References

1. Shokym G.T., Zhumasheva K.B., Khassanov G.K., Azhgaliyev M.K., Sultangaliyeva R.B., Ramanova A.A., Gabdesheva A.E. Images of Man and Women in the Mirror of Gender Metaphors. Eurasian Journal of Applied Linguistics, 2022, no. 8(2), pp. 272–282. DOI: <http://dx.doi.org/10.32601/ejal.911560>.
2. Zhumasheva K.B., Sapargaliyeva M.E., Sarkulova D.S., Kuzhentayeva R.M., Utarova A.G. Representation of Gender Metaphor in Lexicography as a Reflection of Culture. International Journal of Society, Culture and Language, 2022, vol. 10, iss. 3, pp. 151–162. DOI: <http://dx.doi.org/10.22034/ijscsl.2022.555683.2662>.
3. Khasanov B. Qazaq tilinde sozderdin metaforaly qoldanylyuy. Almaty, 1966.
4. Kenesbaev I. Qazaq til biliminin maseleleri. Almaty: Arys, 2008.
5. Salkynbai A., Abakan E. Lingvistikalyyk tusindirme sozdik. Almaty: Sozdik–Slovar, 1998.

6. Eliseeva V.V. K utochneniyu termina «okkazionalizm». In: Terminy v yazyke i rechi. Gorkiy: GGU, 1984, s. 107–112.
7. Kasym B. Qazirgi qazaq tilinin sozzhasam zhuyesi. Almaty: Gylym, 1989.
8. Bolganbaiuly A., Kaliuly G. Qazirgi qazaq tilinin leksikologiyasy men frazeologiyasy. Almaty: Sanat, 1997.
9. Kurmanbaiuly Sh. Qazaq leksikasynyn termindenui. Almaty: Gylym, 1998.
10. Kasym B.Q. Qazaq tilindegi zattyn kurdeli ataularynyn teoriyalyk negizderi: doctoral dissertation. Almaty, 2002. 313 b.
11. Teliya V.N. Metaforizatsiya i ee rol v sozdaniy yazykovoі kartiny mira. In: Rol chelovecheskogo faktora v yazyke. Moscow: Nauka, 1988, s. 172–204.
12. Baitursynov A. Ak zhol. Almaty, 1991.
13. Aibergenov T. Men sagan gashyk edim: olender. Almaty: Raritet, 2005. 191 b.
14. Kaliuly B. Til biliminin zhana bagyttary: kontsept, pragmatika, diskurs, matin. Almaty, 2012.
15. Konurov T. Qazaq teneuleri. Almaty: Mektep, 1978.

ТРАДИЦИОННАЯ МЕТАФОРА И АВТОРСКОЕ НОВАТОРСТВО: ЯЗЫКОВЫЕ МЕТАФОРЫ В ПОЭЗИИ Т. АЙБЕРГЕНОВА

ХАСАНОВ Г.К. , ЖУМАШЕВА К.Б. * , ХАСАНОВА И.У. 

Хасанов Габит Кайржанович — Доктор филологических наук, профессор, Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова, г. Уральск, Казахстан.

E-mail: Hasan.gabit@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-9229-9825>

***Жумашева Камшат Бериковна** — PhD, ассоциированный профессор, Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова, г. Уральск, Казахстан.

E-mail: kama0186@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-6405-3767>

Хасанова Инкар Утебаевна - Кандидат педагогических наук, старший преподаватель, Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова, г. Уральск, Казахстан.

E-mail: Khassanova.inkar@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-1317-9885>.

Аннотация. В статье анализируются традиционные и авторские особенности метафорических употреблений в казахской поэзии на материале стихотворений Т. Айбергенова. Актуальность исследования определяется ролью метафоры в обогащении семантической системы языка, усилении образности и выразительности художественного текста, а также ее природой как когнитивного механизма, отражающего мировоззрение поэта. В качестве теоретической основы использованы положения Б. Хасанова, который одним из первых системно и глубоко исследовал проблему метафоры в казахском языкознании. В его трактовке метафора определяется как употребление слова в переносном значении на основе сопоставления двух предметов или явлений. Кроме того, исследование опирается на научные взгляды И. Кенесбаева о национально-языковой специфике, лингвистические определения А.Б. Салкынбая и Е. Абакана, а также на труды Б. Касыма, А. Болганбайулы и Г. Калиулы, Ш. Курманбайулы, посвященные роли метафоры в словообразовании и терминологизации. Материалом исследования послужили метафорические единицы, отобранные из поэтических текстов Т. Айбергенова, которые были проанализированы с помощью описательного, семантического и контекстуального методов. В результате установлено, что традиционные языковые метафоры в поэзии поэта формируют устойчивые образы, близкие национальному сознанию и создающие эмоциональную связь с читателем, тогда как авторские метафоры раскрывают индивидуальный эстетический мир поэта, оригинальность ассоциативного мышления и его когнитивные возможности образного представления. В статье систематизируются взаимосвязь и различия между традиционной метафорой и авторским новаторством, а также уточняется семантическая и художественная функция метафоры в поэзии Т. Айбергенова.

Ключевые слова: метафора, традиционная метафора, авторская метафора, языковая метафора, поэтическая метафора, поэзия Т. Айбергенова, художественный текст, национальное мировоззрение.

KHASANOV G.K. , **ZHUMASHEVA K.B.** , **KHASSANOVA I.U.** 

Khasanov Gabit Kairzhanovich - Doctor of philological sciences, professor, M. Utemisov West Kazakhstan university, Uralsk, Kazakhstan.

E-mail: Hasan.gabit@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-9229-9825>

***Zhumasheva Kamshat Berikovna** - PhD, associate professor, M. Utemisov West Kazakhstan university, Uralsk, Kazakhstan.

E-mail: kama0186@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-6405-3767>

Khassanova Inkar Utebayevna - Candidate of pedagogical sciences, senior lecturer, M. Utemisov West Kazakhstan university, Uralsk, Kazakhstan.

E-mail: Khassanova.inkar@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-1317-9885>

Abstract. The article analyzes the traditional and authorial features of metaphorical usage in Kazakh poetry based on the poems of T. Aibergenov. The relevance of the study is determined by the role of metaphor in enriching the semantic system of the language, enhancing imagery and expressiveness in literary texts, and its nature as a cognitive mechanism reflecting the poet's worldview. The theoretical framework is based on the ideas of B. Khasanov, who was among the first scholars to systematically and comprehensively study the problem of metaphor in Kazakh linguistics. He defined metaphor as the use of a word in a figurative meaning based on the comparison of two objects or phenomena. The study also draws on the scientific views of I. Kenesbayev on national linguistic specificity, the linguistic definitions of A.B. Salkynbay and E. Abakan, as well as the works of B. Kassym, A. Bolganbaiuly and G. Kaliuly, and Sh. Kurmanbaiuly concerning the role of metaphor in word formation and terminology development. The research material consists of metaphorical units selected from the poetic texts of T. Aibergenov and analyzed using descriptive, semantic, and contextual methods. The results show that traditional linguistic metaphors in the poet's works form stable images closely connected with national consciousness and establish an emotional connection with the reader, while authorial metaphors reveal the poet's unique aesthetic world, original associative thinking, and cognitive potential of figurative expression. The article systematizes the relationship and differences between traditional metaphor and authorial innovation and clarifies the semantic and artistic functions of metaphor in T. Aibergenov's poetry.

Key words: metaphor, traditional metaphor, authorial metaphor, linguistic metaphor, poetic metaphor, T. Aibergenov's poetry, literary text, national worldview.